

Ойыл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 36 "Ойыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 210 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 7836 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 25 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 25.01.2021 № 4 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына және 62 бабының 6 тармағына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ойыл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 36 "Ойыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6846 болып тіркелген, 2020 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Ойыл ауданының әкімі

А. Казыбаев

Ойыл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24
желтоқсандағы № 210 қаулысына
қосымша

Ойыл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 2
наурыздағы № 36 қаулысына қосымша

Ойыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын орталықтар	Дербес жарты күндік шағын орталықтар
1	"Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Асанәлі" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	100	-	-	-	-
2	"Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балдырған" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	170	-	-	-	-
3	"Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Жолшы" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	55	-	-	-	-
4	"Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек"	42	-	-	-	-

31619	-	-	-	-
36695	-	-	-	-

Кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір күндік төлемақы мөлшері/теңге/				
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын орталықтар
400				
400				
400				
300				
300				
300				
300				
балаларды қамтамасыз ету ақысыз түрде жүргізіледі				